

## ● *Qandai kitap oqyp жүрсіз?*



Тәкен Әлімқұлов

Телқоңыр

# Шағын жанр шебері

Қазақ әдебиетінде өзінің бөлек орны бар қаламгерлердің бірі — Тәкен Әлімқұлов. Оның әңгімелері адамды сан түрлі ойға бастап, ұлттың өткеніне алып кетеді. Әсіресе “Телқоңыр” жинағына енген шығармалары өзінің сұлу суретімен, астарлы ойымен қызық. Мұнда жазушының түрлі тақырыптағы әңгімелері топтастырылған. Олардың бір бөлігі қазақ өнері мен тарихында елеулі із қалдырған Махамбет, Ақан сері, Сүгір, Ықылас, Тәттімбет сынды тұлғалардың өмір кезеңдерін бейнелейді. Бір ғана “Қара ой” әңгімесінің өзі — бір романның жүгін көтеріп тұрған туынды. Ал Ақан сері өмірінің соңғы кезеңі баяндалатын “Көк қаршыға” әңгімесі тек қана серінің ғана емес, қазақтың маңдайына біткен дарынды тұлғалардың өмірінен хабар береді. Шығармадағы көк қаршыға шын мәнінде Ақанның өзі, тазалық пен асқақтықтың символы.

Шығармаларынан Тәкен Әлімқұловтың тек шебер суреткер ғана емес, қазақ өнерінің терең білгірі екендігі аңғарылады. Оның Тәттімбет, Сүгір, Ықылас күйшілердің өмірін, жан толғаныстарын, шығармашылық әрекетін бейнелеуі осыған дәлел. Кейбір күйлердің туу тарихын өз басынан өткізгендей әсерлі де нақ бере білген. Жазушы күйдің әуенін, желісін сипаттағанда оқырман музыкалық туынды тыңдап отырғандай әсерде қалады.

Жазушы жылқы баласының тілін де түсіне білген. Онысы “Күржік”, “Тұлпар тағдыры”, “Телқоңыр” әңгімелерінен көрінеді. Онда қазақтың бәйгеқұмар мінезі, ат баптау өнері жайлы айтылады. Бұл әңгімелердегі тұлпар тағдыры шын мәнінде өмір бәйгесінде алға озып қиянат көрген өрен жүйріктердің тағдыры сияқты елестейді. Әсіресе оның “Телқоңыр” әңгімесі қилы оқиғасымен ерекшеленеді. Онда басқа құлынды емізген бие жайлы баяндалады. Жазушының әсерлі суреттеулеріне бой ұрып отырып, бұл жайдың шындық екеніне сенбеске лажың жоқ. Аталған әңгіме шығармашылық ортадан да жоғары бағасын алып, кейін “Ақ боз ат” романының жазылуына себеп болды. Тәкен Әлімқұловтың қазақ өмірін әр қырынан бейнелейтін “Жиендік”, “Қаралы қызық” сияқты бір топ әңгімелері де құнды туындылар. Жазған әңгімелеріне қарап отырып, Тәкен Әлімқұловты әңгіме жанрының шебері десе болатындай. Ол осы шағын жанрдың табиғатын меңгеріп, қысқа мәтін арқылы күрделі ойды, ауқымды тақырыптарды жеткізе білген.

**Жазира КӨКБАСҚЫЗЫ,  
М.Қозыбаев атындағы  
СҚУ-дың аға оқытушысы.**